

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің  
12.06.2019 жылғы жалпы отырысының  
стенограммасынан үзінді көшірме  
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті  
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИГМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания Мажилиса  
Парламента Республики Казахстан  
от 12.06.2019 года  
Вел заседание Председатель  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, келесі мәселе – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне міндетті әлеуметтік сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым). Бұл мәселе бойынша да баяндама жасау үшін сөз Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Бердібек Машбекұлы Сапарбаев мырзаға беріледі.

САПАРБАЕВ Б.М. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Сіздердің назарларыңызға «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Заңының жобасымен сәйкес келтіру үшін әзірленген «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне міндетті әлеуметтік сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» Заң жобасы ұсынылады.

Заң жобасында Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне, «Сақтандыру қызметі туралы», «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» және «Халықты жұмыспен қамту туралы» заңдарына өзгерістер енгізу көзделеді.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінде сотталған әйелдерге тағайындалатын жүктілігі және босануы бойынша әлеуметтік төлемнің атауын «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Заңға сәйкес келтіру қарастырылған.

Заң жобасында Қазақстан Республикасы «Сақтандыру қызметі туралы» Заңының нормаларын міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қолданбау туралы нақтылаушы норма енгізу ұсынылады.

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры анықтамасының өзгеруіне байланысты «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» және «Халықты жұмыспен қамту туралы» заңдарға тиісті өзгеріс енгізу ұсынылады.

Заң жобасын қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық салдарға әкелмейді.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Енді, құрметті әріптестер, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Унжакова Ирина Сергеевнаға беріледі.

УНЖАКОВА И.С. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

У меня вопрос к докладчику и представителю Министерства финансов.

В декабре 2017 года при принятии Налогового кодекса по инициативе Министерства финансов было отменено требование о необходимости предоставления списков лиц, в пользу которых взыскиваются задолженности с плательщиков социальных отчислений, хотя эти списки позволяли зачислять взысканные суммы в Фонд социального страхования – на конкретные лицевые счета конкретных участников системы страхования. Взамен разработчиками было предложено разработать совместно с Министерством труда и социальной защиты населения новый механизм, и для этой работы нормами закона была отведена продолжительность – один год. То есть ожидалось, что с 1 января 2019 года новый механизм вступит в действие, что приведет к значительному сокращению задолженности по социальным отчислениям. Однако механизм не был разработан. Поэтому для защиты интересов граждан депутатами была предложена норма о возвращении к ранее действовавшему механизму, который все-таки давал положительные результаты за счет того, что взысканные суммы зачислялись на конкретные лицевые счета. Правительство дало положительное заключение на предложенные депутатские поправки.

В связи с этим, уважаемые Бердибек Машбекович и представитель Министерства финансов (к сожалению, я не знаю, кто сегодня присутствует), подскажите, пожалуйста, этой нормы достаточно для того, чтобы сократить существующие объемы задолженностей по социальным отчислениям? Как вы думаете, потребуются ли дополнительные меры или достаточно этой нормы? Спасибо.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, Бердибек Машбекович.

САПАРБАЕВ Б.М. Уважаемая Ирина Сергеевна, мы предложение депутатов поддерживаем. Если не будет списка должников, некому будет перечислять эти деньги. Это первое.

Второе – контроль. К сожалению, Нурлан Зайруллаевич, в последнее время задолженность фонда растет. Для сведения могу сказать, что сегодня эта сумма составляет 1 миллиард 200 миллионов тенге. Сейчас мы совместно с контролирующими и правоохранительными органами будем работать, в частности, с Комитетом государственных доходов Министерства финансов. Вы хорошо знаете, как работает конкурсный управляющий, какое есть имущество и так далее. То есть списки нужны

для того, чтобы люди быстрее получили свою задолженность или заработную плату.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Вице-министр финансов Канат Ескендирович Баедилов.

БАЕДІЛОВ Қ.Е. Спасибо за вопрос.

Уважаемые депутаты, огромное вам спасибо за понимание. Благодаря вам мы возвращаем сейчас старый механизм.

В прошлом году в результате неоднократных совещаний с участием уполномоченного органа мы пришли к выводу, что списки нужны, без них мы не можем выставлять распоряжение. Поэтому поправка необходима.

На сегодня выставление инкассового распоряжения наряду с предоставлением расходных операций является эффективным инструментом не только для взыскания, но и для зачисления этим сумм на лицевые счета конкретных граждан. Поэтому поправка нам нужна.

Что касается дополнительных мер. Действительно, как уже было отмечено, задолженность из года в год растет и на сегодня составляет по обязательным пенсионным взносам более 5 миллиардов, по соцотчислениям – 1 миллиард 200 миллионов тенге. Поэтому мы сейчас подумываем, не пора ли ввести дополнительные меры для обеспечения взыскания. В первую очередь мы совместно с уполномоченным органом уже рассмотрели и, возможно, уважаемые депутаты, внесем вам предложение, чтобы в качестве дополнительной меры включить ограничение на выезд из страны руководителей агентов, которые годами не перечисляют эти долги.

Во-вторых, будем просить о пересмотре нормы Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях, так как сегодня у нас лояльные нормы КоАПа, допустим, если агент не платит, если налоговые органы игнорируют, не предоставляют списки, государство ограничивается только предупреждением. Поэтому на первых порах надо ввести хотя бы минимальный размер административного штрафа.

ТӨРАҒА. Я думаю, до второго чтения рассмотрим, но предложение заслуживает поддержки. Хорошо.

Сөз депутат Мамраев Бейбіт Баймағамбетұлына беріледі.

МАМРАЕВ Б.Б. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Менің сұрағым, құрметті Бердібек Машбекұлы, өзіңізге және Қаржы министрлігінің өкіліне.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі» туралы Заңның 58-бабында берешекті өндіріп алуды жүргізген кезде бюджеттен және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдерді жүзеге асыруға арналған банктік шоттардағы ақшаны өндіріп алуға жол берілмейтіні айқындалды. Сонымен бірге қорлардың активтері өндіріп алуы мүмкін. Ал «активтер» деген ұғым өзіне

ақшаны ғана емес, әртүрлі мүліктік, мүліктік емес құқықтарды, сондай-ақ бағалы қағаздарды және басқа да қаржы құралдарын қамтитыны белгілі.

Әлеуметтік сақтандыру қоры жұмыс істейтін азаматтарды әлеуметтік қорғаудың қосымша деңгейі жөніндегі функцияны жүзеге асырады. Қордың қатысушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындау қабілеті ақшаның да, активтердің де сақталуына байланысты. Осыған байланысты сұрағым бар.

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының активтерінен өндіріп алуға жол бермейтін норманы қарастыру керек деп санайсыз ба? Мысалы, Міндетті медициналық сақтандыру қорына қатысты осы бап бойынша да активтерден өндіріп алуға тыйым салу жөніндегі норма қарастырылған. Рақмет.

ТӨРАҒА. Бердібек Машбекұлы, өзіңіз бастаңыз.

САПАРБАЕВ Б.М. Бейбіт Баймағамбетұлы, сұрағыңызға рақмет.

Біріншіден, қазіргі қолданыстағы заңдарға байланысты қордағы активтерді ешқандай қарыз иелері ала алмайды. Егер қордың банктегі шотында қарыз болатын болса, тек соны ала алады, ал басқасын ала алмайды. Сондықтан қазіргі таңда ондай өзгеріс енгізудің қажеті жоқ.

ТӨРАҒА. Қанат Ескендірұлы Баеділов.

БАЕДІЛОВ Қ.Е. Сұрағыңызға рақмет.

Бүгінгі таңда, жаңа баяндамашы айтқандай, салық органдары болсын, сот орындаушылар болсын, олар әлеуметтік қордың активтеріне қол сұға алмайды. Ол заң жүзінде жақсы қорғалған. Ол әлеуметтік қор туралы заңда жақсы әрі айқын жазылған. Өкінішке орай, «Атқарушы, іс жүргізуші және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңда бұл норма белгісіз себептермен көрсетілмеген. Сондықтан осы екі заңды бір-біріне сәйкестендіру керек деп ойлаймын.

ТӨРАҒА. Жақсы. Рақмет.

Сөз депутат Суслов Александр Васильевичке беріледі.

СУСЛОВ А.В. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемый Бердибек Машбекович! У меня короткий вопрос для уточнения в отношении беременных осужденных женщин.

Согласно данному сопутствующему законопроекту вносятся изменения в Уголовно-исполнительный кодекс Республики Казахстан, в частности, пункт 2 статьи 114 дополняется уточняющей редакцией касательно социальных выплат на случай потери дохода в связи с беременностью и родами.

Скажите, пожалуйста, если осужденная женщина до беременности не являлась участником системы обязательного социального страхования, будет ли она обеспечиваться социальными выплатами в связи с беременностью и родами? Спасибо.

САПАРБАЕВ Б.М. Уважаемый Александр Васильевич, главное требование в том, что у нее должны быть перечисления не менее чем за 12 месяцев. Если этих перечислений нет, то выплачиваться не будут.

ТӨРАҒА. Понятно.

Сөз депутат Нұрманбетова Жәмилә Нүсіпжанқызына беріледі.

НҰРМАНБЕТОВА Ж.Н. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Мой вопрос адресован представителю Национального Банка и идет в развитие вопроса моего коллеги по наложению взыскания на активы. Хотелось бы узнать следующее.

В соответствии со статьей 98 Закона Республики Казахстан «Об исполнительном производстве и статусе судебных исполнителей» взыскание не может быть обращено на суммы, получаемые должником в виде пособия по утрате кормильца, социальных выплат на случай потери дохода в связи с беременностью и родами, усыновлением новорожденного ребенка, уходом за ребенком по достижению им возраста до одного года и так далее.

Однако проблема в том, что порой банки второго уровня допускают нарушения данной нормы законодательства. К примеру, многодетная мать-одиночка получала пособие по потере кормильца и социальные выплаты для четырех своих детей. Данные отчисления перечислялись на текущий счет, куда начислялась и ее заработная плата. В результате сложившейся задолженности перед банками все социальные выплаты и пособия вместе с заработной платой банками автоматически были изъяты из данного счета.

В этой связи, скажите, пожалуйста, какая в данном случае предусмотрена ответственность банка второго уровня за нарушение данного законодательства, а также как Национальный Банк намерен регулировать такие проблемы?

ТӨРАҒА. Біртанов Елжан Амантайұлы.

БІРТАНОВ Е.А. Спасибо за вопрос.

Эти поправки были направлены на изъятие данных денег органами государственных доходов. Поэтому все задолженности, которые есть по социальным отчислениям, обязательным пенсионным взносам, профессиональным пенсионным взносам, будут взыскиваться на основании инкассового распоряжения органов государственных доходов с приложением списка физических лиц. Эти списки предоставляются агентами, плательщиками, работодателями, индивидуальными предпринимателями и так далее.

По Вашему вопросу касательно банков. Если имеют место такие нарушения, то нужно будет в каждом отдельном случае разбираться согласно законодательству о банках и банковской деятельности.

По конкретному примеру мы можем потом информацию предоставить, а в целом эти поправки будут обязывать всех работодателей предоставлять такую информацию согласно спискам, чтобы

задолженность по выплате социальных отчислений всем нуждающимся не накапливалась. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Құрметті депутаттар, сұрақтарымыз аяқталды.

Бердібек Машбекұлы, рақмет Сізге. Орныңызға отырыңыз.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз депутат Нұркина Айгүл Қабдешқызына беріледі.

НҰРКИНА А.Қ. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне міндетті әлеуметтік сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» Заң жобасы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің негізгі заң жобасына сәйкес келтіру мақсатында әзірленді.

Жұмыс тобы заң жобасымен жұмыс істеу барысында бірқатар қосымша түзетулерді енгізді.

Оның ішінде, әлеуметтік аударымдар бойынша берешекті өндіріп алу рәсіміне қатысты заңнамадағы олқылықтар мен коллизияларды жоятын нормалар енгізілді. Бұл нормалар екінші деңгейдегі банктердің жұмыс берушілерден өндіріп алынған берешекті «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына аударуы кезінде туындайтын проблемаларды шешуге бағытталған.

Заң жобасының нормаларын «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына сәйкес келтіру мақсатында нақтылаушы, редакциялық сипаттағы түзетулер енгізілді.

2019 жылғы 12 наурызда қоғам өкілдері мен сарапшылардың қатысуымен заң жобасының таныстырылымы болып, жұмыс тобының сегіз отырысы және комитеттің кеңейтілген отырысы өткізілді.

Мәжілістің барлық комитеттері заң жобасына оң қорытындыларын берді. Заң жобасымен жұмыс жалғасуда.

Құрметті депутаттар, жоғарыда айтылғандардың негізінде заң жобасын бірінші оқылымда қолдауларыңызды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Айгүл Қабдешқызы.

Құрметті депутаттар, заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Бектұрғанов Ерсұлтан Өтеғұлұлына беріледі.

БЕКТҰРҒАНОВ Е.Ө. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті әріптестер! Міндетті әлеуметтік сақтандыру халықты мемлекеттік әлеуметтік қорғау жүйесінің маңызды бағыттарының бірі болып табылады.

Әлеуметтік қамсыздандыру мемлекет пен қоғам өмірінде әрдайым негізгі айқындаушы орындардың бірін иемдеп, ол экономиканың дамуына тікелей байланысты болып, сондай-ақ адамдардың және жұмыс істемейтін топтардың әлеуметтік саламаттылығымен тығыз байланысты.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі, оған қатысушыларға Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан нақты жағдайларда

әлеуметтік төлемдер төлеу арқылы өзінің қажет екенін толықтай растады деп айтуға болады.

Оған өткен жылдар мен жинақталған тәжірибелер дәлел болып отыр.

Басқаша айтқанда, бүгінгі таңда әлеуметтік тәуекелдер орын алған жағдайларда мемлекет өз тарапынан халыққа қолдауды қамтамасыз етіп, оған кепілдік береді.

Бүгін қаралып отырған заң жобасы әлеуметтік сақтандыру жүйесі заңнамасын одан әрі жетілдіруге бағытталған.

Заң жобасы Тұңғыш Президентіміз – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өткен жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» – атты Қазақстан халқына Жолдауында әлеуметтік сақтандыру жүйесінде еңбек өтілі мен төлем мөлшері арасындағы өзара байланысты күшейтуге қатысты берген тапсырмасын орындау мақсатында әзірленді.

Осылайша, заң жобасында Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры анықтамасына өзгерістер, сондай-ақ «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңы нормаларының қолданылуын болғызбау жөніндегі нормаларды енгізу көзделген.

Сонымен қатар, осы жүйені жетілдіру мақсатында шет елдердің тәжірибелерін де назарға алғандығын атап өту қажет.

Осы айтылғандардың негізінде, мен заң жобасын бірінші оқылымда толық қолдаймын және әріптестерімді де қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Басқа талқылауға қатысатын депутаттар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Жазылған да депутаттар жоқ.

Сонымен, құрметті әріптестер, талқылау барысында бір ғана ұсыныс түсті – заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөнінде. Басқа ұсыныстарыңыз жоқ болса, осы ұсынысты дауысқа қоюға рұқсат етіңіздер. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Қаулының жобасы сіздерде бар, сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырған» – 99 депутат, «жақтағандар» – 99. Қаулы қабылданды.



*Дүртіс Күмәтжанов*  
*Ету бөлімінің сектор меңгерушісі*